Секіру,жүгіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің қарын, арқа,бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.

3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

уақыты: 10.30 – 10.55

Білім беру ұйымының кестесі бойынша
ҮІӨ
(ұйымдастырылған іс-әрекет)

3.Қазақ тілі-
коммуникативтік, ойын,
танымдық іс-әрекеті.
ҮІӨ тақырыбы: «Қазақстан барысы»ертегісі
ҮІӨ міндеттері:
-ертегі арқылы сынын,
қимылынбілдіретін
сөздердің мағынасын түсіну
және ауызекі тілде
қолдануды дағдыландыру;

3.Құрастыру-
шығармашылық,
коммуникативтік, ойын
әрекеті.
ҮІӨ тақырыбы: «Сикырлы»
қораптар.
ҮІӨ міндеттері:
-тікөртбұрышты және
цилиндр пішіндерден түрлі
түсті қағаздарды пайдалана
отырып жануарларды жасай

3. Сауат ашу негіздері-
тілдік қарым-қатынас,
ойын, танымдық іс-
әрекеті.
ҮІӨ тақырыбы:
Дыбыстық талдау [ұ]
ҮІӨ міндеттері:
-сөздерге дыбыстық
талдау жасай білу
дағдыларын бекіту;
-графикалық жұмысты


3.Қазақ тілі-
коммуникативтік, ойын,
танымдық іс-әрекеті.
ҮІӨ тақырыбы: Көңілді
тапқырларклубы (КТК)
ҮІӨ міндеттері:
-сөздерге дыбыстық талдау
жасай білу дағдыларын
бекіту;
-графикалық жұмысты
орындау кезінде

	<p>-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Дағды: сөздік қорларын жаңа сөздермен байланыстырып дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: жабайы жануарлардың қазақша атауын айтады, жай сөйлеммен жауап береді.</p> <p>Түсінеді: ертегі мазмұнын және қарапайым сұрақтарды түсінеді.</p> <p>Қолданады: тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу деңгейі: Өткен тақырыпты қайталау.</p> <p>Ойын: «Мен 5 жабайы жануарын білемін» жабайы жануарлардың атауларын қима суреттер арқылы қайталау.</p> <p>Мынау – арыстан. Арыстан үлкен. Мынау – жолбарыс. Жолбарыс үлкен. Ең үлкен жануар – піл. Мынау – керік. Керіктің мойны ұзын. Мынау – маймыл. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишқадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p>Түсіну деңгейі:</p>	<p>білуге үйрету;</p> <p>-қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасай білу, ой-қиялын дамыту;</p> <p>-қалдық заттардан жасалған ойыншықтарды өздігінен безендіру және шығармашылықпен еңбек ету, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Дағды: Жазықтық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерте білуге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып жануарларды жасай алады;</p> <p>Түсінеді: қалдық заттарды, қораптарды пайдалана отырып көрсеткен үлгіге сәйкес бейнелерді жасайды;</p> <p>Қолданады: қалдық заттардан түрлі ойыншықтар жасауға дағдыланады, оларды өздігінен безендіреді және шығармашылықпен еңбек ете алады, ұқыпты жұмыс жасай біледі.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу деңгейі: Қораптардан жасалған ойыншықтарды көрсетіп, әңгімелейді. Үлгіні талдау жасай отырып балалардың қандай бейнелер жасағаны келетінін ойландырады.</p> <p>Түсіну деңгейі: Балаларға пішіні әртүрлі қораптар беріледі, оны түрлі түсті</p>	<p>орындау кезінде фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту;</p> <p>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дағды: Суреттер бойынша сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: суретке қарап сөйлем құрайды, ауызша буынға бөледі, жасырын аңдарды іздейді.</p> <p>Түсінеді: сөйлемнің аяқталған ойды білдіретінін түсінеді.</p> <p>Қолданады: сөйлемнің сызбаны, дыбыстарды ажыратады.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу деңгейі: «Қарама-қарсы сөздер» ойынын балалармен ұйымдастырады.</p> <p>Артында – ... (алдында) Жақында – ... (алыста) Аласа – ... (биік) Ашық – ... (жабық) Үлкен – ... (кіші) Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Берілген</p>	<p>фонематикалық естуді, сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды, ұсақ қол моторикасын дамыту;</p> <p>-дербес жұмыс істеу алуға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>-меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру;</p> <p>-ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру.</p> <p>Дағды: сөздерді сөз тіркестерімен айту, сұраққа сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Жасайды: берілген тақырыптар бойынша сөздер атайды.</p> <p>Түсінеді: ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді.</p> <p>Қолданады: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу деңгейі: Ән «Кел, балалар, ойнайық» тыңдату. Ән қандай? Ән көңілді. Кө-ңіл-ді. Бәрін ойын ойнауға шақырады.</p> <p>Көңілді ойын: «Көңілді тапқырлар клубы» Балалар екі топқа бөлінеді. Педагог балаларға түрлі түсті қима материалдарды таратады. Балалар түрлі түсті қима</p>	
--	--	--	---	---	--

<p>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген. «Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді. Ертегі ұнады ма? Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр). Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой). Педагог кима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады. Мынау – барыс. Мынау не? Мынау – барыс. Барыс жаттығулар жасады. Барыс не істейді? Барыс жаттығулар жасады. Мынау – борсық. Мынау не? Мынау – борсық. Борсық жаттығулар жасады. Борсық не істеді? Борсық жаттығулар жасады. Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты. Балалар жаңа сөздерді қайталайды. Қолдану деңгейі: Жұмыс дәптерімен жұмыс. Ертегі кейіпкерлерін тап. Ата. Белгіле. Мақалды жатта. Күш білекте емес – жүректе. Баламен жеке жұмыс. Дидактикалық ойын: «Аудармашы»: педагог сөздерді орыс тілінде атайды, балалар қазақтіліне аударады: сказка, барс, барсук, соревнование.</p>	<p>қағазбен жапсыруды көрсетеді; сиыр, балық, қоян т.б. жануарларды жасау үшін оны орындау ретін түсіндіреді: денесі, басы, құйрығы, құлақтары, көздері т.б.; дене бөліктерінің жасалу жолдарын түсіндіреді; қағазды қиып жапсыруға бағыт беріп, көмектесіп, басшылық жасалады; Қолдану деңгейі: бұл қораптар жай қорап емес, «сикырлы» қораптар екенін дәлелдейді; үлгілерді көрсетіп, қораптардан әртүрлі бейнелер жасайды. Сергіту сәті: Орамжапырақ? Сәбіз бе? Жүрген шығар дәм іздеп. Көрген кезде көжекті Қас қағымдай тез өтті. Ұратындай қамшымды ап, Дір-дір етіп, қалшылдап, Қарғып өгіп көгалды, Атқан оқтай жоғалды. Балалар жұмыстарын жалғастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</p> 	<p>дыбысқа сөз ойла» Дұрыс жауапқа педагог жұлдызша таратады. 1-тапсырма Педагог балаларға «л» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: <i>лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк.</i> Түсіну деңгейі: 2-тапсырма Педагог балаларға «м» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: <i>маймыл, манты, мақта, махаббат, мал, ми, мысық, мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз.</i> 3-тапсырма Педагог балаларға «к» дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді. Мысалы: <i>күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбелек, көліш, кір, кілем, кілт, күміс.</i> Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді. Дидактикалық жаттығуы: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос» – Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтасындар.</p>	<p>материалдарды түстеріне сәйкес біріктіреді. Екі топқа ортақтапсырма беріледі, топтар кезекпен жауап береді. Әрбір дұрыс жауап – бір ұпай. Түсіну деңгейі: I. Тапсырма. Балабақша(Мектеп) тақырыбы бойынша сұрақтар: 1. Балабақша қандай? 2. Балабақшада кімдер жұмыс істейді? 3. Топтарың қандай? 4. Сурет бойынша сөйлем құра. II. Отбасы. 1. Отбасы мүшелерің ата. 2. Сенің отбасыңда кімдер бар? 3. Сурет бойынша сөйлем құра. Қолдану деңгейі: III. Қазақстан Республикасы. 1. Қай Республикада тұрасың? 2. Қазақстан қандай республика? 3. Біздің Отан қалай аталады? 4. Республика рәміздерін ата, сипатта. 5. Елорда қай қала? Елорда қандай қала? 6. Қай қалада (ауылда) тұрасыңдар? Қай көшеде тұрасың? Қалада (ауылда) не бар? IV. Жануарлар. 1. Үй жануарларын атаңдар. 2. Төлдерді атаңдар. 3. Жабайы жануарларды атаңдар.</p>	
--	--	---	---	--

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Қатты, қатты жел соқты
гу-гу,
Жапырақтар қол соқты
ду-ду,
Тына қалса қатты жел,
Тоғай биік көрінер



Мысалы: *жылы...*
(*шұлық*), *тәтті*
... (банан), қатты...
(*көмір*), *жасыл...* (*шөп*),
қар..., (*пима*), *дәмді ...*
(*жүзім*), *сұйық ...*
(*тамақ*), *қара...* (*тон*),
қорқақ ... (қоян), қу ...
(*түлкі*), *сүйкімді ...*
(*мысық*), *пысық ... (қыз)*,
ұзын ... (бала), ақылды ...
(*қыз*), *момын ... (қой)*,
ұзын ...
(*моншақ*), *сары ... (шаш)*,
дәмді... (шай), тәтті...
(*торт*), *жасыл... (қияр)*,
ұзын.... (бантик) т.б.

Қолдану деңгейі:

Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»

– Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақандарыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырындар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтадан ашылады. Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», - «ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.». Сөз құраған балаларға жұлдызша үлестіріліп отырылады.
Дәптермен жұмыс

4.Жануарлар туралы қандай ертегі, жұмбақ білесіңдер?Ойын соңында ұпайларын санап жеңімпазды анықтайды. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттерге қара. Ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Жануарларды ата. Олар қайда тұрады? Сызықпен қос.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық,
Қолымызды созайық,
Бойымызды жазайық,
Алақанды соғайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып алайық.

			<p>Суреттерді ата. Ұ дыбысы бар сөздерді буынға бөл. Суретке қарап, сызба бойынша сөйлем құра. Дыбыстық талдау жаса. Педагог балаларға орындарында дәптерде тағасөзіне дыбыстық талдау жасауға, буынға бөлуге тапсырма береді. Бір баланы тақтада жұмыс жасауға шақырады. Педагог суретті сызбаны тақтаға іледі. Балалар алдымен таға сөзін анықтап айтайық. Сөзде неше буын бар? Неше дыбыстан тұрады? <i>Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс.</i></p> <p>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p> <p>Ғ – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p> <p>Сөзді қолды шапалақтап, буынға бөледі. Педагог тақтаға тырма сөзінің сызбасын іледі. Тырма сөзінде 2 буын, 6 дыбыс бар.</p> <p>Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p> <p>Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p>		
--	--	--	--	--	--

			<p>М – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.</p> <p>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Гүлдер Қызыл, сары аппак гүлдей, Жайқалайық өсейік. Айналамыз құлпырсыншы, Гүлден кілем төсейік. Самал желмен тербелеміз, Біз әдемі гүлдерміз. Ауламызға өң береміз, Табиғаттың көркіміз.</p> <p>Саусақ жаттығуы: Айдын шалқар көлдерде Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын Әрі-бері жүзеді.</p>	
--	--	--	---	--

3 үзіліс – 10:55 – 11:05


Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Аз қимылды ойын.

Ұлттық ойын: «Асық ату», «Ханталапай»

Басты міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.



Аз қимылды ойын. Ұлттық ойын: «Асық ату», «Ханталапай»

Ойын міндеттері: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Балалардың жылдамдығын жетілдіру, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін дамыту.

Дағды: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру.

Әдістемелік нұсқау: «Талапай - ау, талапай, табылды ойын алақай»- деп қоржындағы асықтарды балалар алдына тастаймын. Балалар жарыса асықтарды «ханталапай» деп дауыстап асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтарын санап, әр бала 5 асықтан тігіп ойынға қатысады. Хан асығы қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды атады да, тигізген асықтарын ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда, мұғалім қойған тапсырмаға жауап береді. Егер ойыншы бала жауап бере алмаса, қатысушы басқа балалар жауап береді. Осылайша ойын жалғасады. Ойын соңында сұрақтарға дұрыс жауап беріп, асықты көп жинаған бала жеңімпаз атанады.

Ойын шарты: Ал, «Ханталапай» ойыны бүкіл қазақ жеріне кең тараған. Ойынға екеуден он адамға дейін қатысады. Асықтың көп болғаны жақсы. Көп асықтың ішінде біреуін қызыл түске бояйды. Сол асық «хан» деп аталады. Ойынды бастайтын бала асықтың бәрін қос уысына жинап алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Балалар «ханның» қалай түскенін бақылап отырады. Егер «хан» бүк, шік, не тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере ыршытып бір-біріне дәл тигізуі қажет. Тигізген асықтарды ол өзіне алады. «Ханды» жатысы «хандікіндей» ең соңғы асықпен ғана атып алады. Сондықтан асықтарды атқан кезде есепке, дәлдікке, мергендікке жүгінуге тура келеді.

Ойынның педагогикалық маңызы. Ойын бастаушы баланың қолы басқа асықтарға тиіп кетсе, сондай-ақ атқан асығы басқа асыққа барып тисе, ойынды келесі бала жүргізеді. Ал, «хан» алшы түссе, балалар жарыса «ханталапай» деп дауыстап, «ханды» өз қолына түсіруге тырысады. «Хан» кімнің қолына түссе, сол бала жеңіске жеткен болып есептеледі. Онда ойынды сол бала қайта бастайды.

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 11.05 – 11.30

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ҮІӨ(ұйымдастырылған іс-әрекет)

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.
ҮІӨ тақырыбы:
 Жаттығу – жеңіс кепілі!.
 Айналымы жаттығулар.
ҮІӨ міндеттері:
 -жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, эстафеталық жарыс ұйымдастыру.

4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.
ҮІӨ тақырыбы:
 Наурыз – жыл басы.
ҮІӨ міндеттері:
 -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.
 Динамикалық ерекшелікті

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі.
ҮІӨ тақырыбы:
 Жаттығу – жеңіс кепілі!.
 Айналымы жаттығулар.
ҮІӨ міндеттері:
 -жүру мен жүгіруді алмастыра отырып, эстафеталық

4. Музыка- шығармашылық ойын әрекет.
ҮІӨ тақырыбы:
 Наурыз – жыл басы.
ҮІӨ міндеттері:
 -музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.

	<p>Дағды: -түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу; - кимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденненсоғып ауыстыруды жалғастыру.</p> <p>Түсінеді: шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарыныңкөмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару. Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.</p> <p>Қолданады: сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын,секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздіксақтауды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу деңгейі: Мықты спортшы боламыз, Жаттығамыз, талмаймыз! Мейірімге де толамыз, Қиындықтан қашпаймыз! Спортта жеңіл жол болмас, Жеңіл жеңіс қол болмас, Жаттығудан қалмаймыз, Біз жеңімпаз боламыз!</p>	<p>көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу; -ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру; -балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту.</p> <p>Дағды: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру және ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.</p> <p>Репертуар: Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту:«Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар:«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:«Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау:«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай) Күтілетін нәтиже: Жасайды: эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды. Түсінеді: Наурыз мерекесі</p>	<p>жарыс ұйымдастыру.</p> <p>Дағды: -түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып)жүгіріп кетуге үйрете түсу; -кимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығуларарқылы дамыту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кету, «денсаулық» дискісінде денені айналдырып жаттығу, бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру.</p> <p>Түсінеді: шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту, модульдерде тұрып қолдарының көмегімен тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқару. Бастаушының соңынан қимылдарды қайталау.</p> <p>Қолданады: сапқа тұру, қайта сап құру дағдыларын,секіртпеден секіру, қайталанба жаттығуларды өз бетімен орындау, кеңістікті барлап, басқалармен соқтығыспай, қауіпсіздік сақтауды.</p> <p>Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.</p> <p>Білу деңгейі: Мықты спортшы боламыз, Жаттығамыз, талмаймыз!</p>	<p>Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу; -ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру; -балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту.</p> <p>Дағды: Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру және ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру.</p> <p>Репертуар: Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса) Ән айту:«Наурыз тойы» (Т. Мұратов) «Көктем» (Д. Гусинцев) Музыкалық-ырғақтық кимылдар:«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:«Үйшік» (В. Витлин) Музыкалық аспапта ойнау:«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай) Күтілетін нәтиже: Жасайды: эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би</p>	
--	--	---	--	---	--

	<p>Ойын жаттығулары: «Шашырау» Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады: «<i>Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!</i>» Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу. Түсіну деңгейі: Түрлі бастапқы қалыптардың жүгіріп кету (етпетінен жатып, малдас құрып отырып). Шеңбер бойымен баяу жүгіреді, Педагогтің нұсқауымен түрлі бастапқы қалыпқа тұрады (етпетінен жатып, малдас құрып отырып), шапшаң қимылдап сол қалыптан жүгіріп кетеді. Жүгіргенде, жүгіріп келіп тоқтағанда қауіпсіз арақашықтықты сақтауға тырысады. Қайталанба жаттығулар түрінде негізгі қимылдарды орындау. Допты бір қолымен еденге соғып, екінші қолымен қағып алу. Аяғын иық еніндей, қолдарын белге қойып, бастапқы қалыпқа келіп тұрады. Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолымен қайта қағып алады. Доп</p>	<p>күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар бий» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюдың жүрісін салады. Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса). Балаларға Жаяу Мұса туралы қысқаша түсінік беру, неліктен жаяу аталғанын түсіндіру. Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау. Балалармен наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізу. Бұл мереке күн мен түннің теңелуімен, табиғаттың жаңаруымен байланысты екенін ұғындыру. Мерекеді жасалатын наурызкөже туралы айту. Дастарқанда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көк – Қандай жақсы наурыз. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну деңгейі: Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап,</p>	<p>Мейірімге де толамыз, Қиындықтан қашпаймыз! Спортта жеңіл жол болмас, Жеңіл жеңіс қол болмас, Жаттығудан қалмаймыз, Біз жеңімпаз боламыз! Ойын жаттығулары: «Шашырау» Шеңбер құрып тұру. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрады. Бастаушының белгісімен хормен айқайлап айтады: «<i>Ау, балалар, санайық, Санап болсақ, қашайық!</i>» Балалар бірінші-екіншіге саналады. Саналу нұсқаушы көрсеткен ойыншыдан басталады. Саналу біткен соң барлығы жан-жаққа қаша жөнеледі. Бастаушының мақсаты – ойыншылардың біреуін ұстап қалу. Түсіну деңгейі: Түрлі бастапқы қалыптардың жүгіріп кету (етпетінен жатып, малдас құрып отырып). Шеңбер бойымен баяу жүгіреді, Педагогтің нұсқауымен түрлі бастапқы қалыпқа тұрады (етпетінен жатып, малдас құрып отырып), шапшаң қимылдап сол қалыптан жүгіріп кетеді. Жүгіргенде, жүгіріп келіп тоқтағанда қауіпсіз арақашықтықты сақтауға тырысады. Қайталанба жаттығулар түрінде негізгі қимылдарды орындау. Допты бір қолымен</p>	<p>қимылдарын жасайды. Түсінеді: Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді. Қолданады: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар бий» (Е. Тиличеева). Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюдың жүрісін салады. Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса). Балаларға Жаяу Мұса туралы қысқаша түсінік беру, неліктен жаяу аталғанын түсіндіру. Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау. Балалармен наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізу. Бұл мереке күн мен түннің теңелуімен, табиғаттың жаңаруымен байланысты екенін ұғындыру. Мерекеді жасалатын наурызкөже туралы айту. Дастарқанда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көк – Қандай жақсы наурыз. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну деңгейі: Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов).</p>	
--	---	---	--	--	--

	<p>кеуде деңгейінен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады. Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру. Қажет жағдайда балалардың қолдарынан ұстап жүргізу. Шектеулі жазық бетімен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп қою.</p> <p>Қолдану деңгейі: Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.</p> <p>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.</p> <p>«Денсаулық» дискісімен жаттығу. Дискімен нұсқаулық бойынша жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдік сақтап, қажет жағдайда дисктен түсіп кетеді.</p> <p>Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта» Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі</p>	<p>қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.</p> <p>Үйренген «Көктем» әнін (Д. Гусинцев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Мендіғалиев). Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу.</p> <p>Қолдану деңгейі: Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады. Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады. Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады. Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбаңдап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады.</p>	<p>еденге соғып, екінші қолымен қағып алу. Аяғын иық еніндей, қолдарын белге қойып, бастапқы қалыпқа келіп тұрады. Допты оң қолына алып, еденге соғып, сол қолымен қайта қағып алады. Доп кеуде деңгейінен аспай ұшатындай етіп лақтыру үшін күшін бөлуге тырысады. Ұзын орындықтың жіңішке қырымен жүру. Қажет жағдайда балалардың қолдарынан ұстап жүргізу. Шектеулі жазық бетімен жаттығулар орындайды. Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп қою.</p> <p>Қолдану деңгейі: Секіртпеден бір орында тұрып секіру. Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.</p> <p>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді. Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді.</p> <p>«Денсаулық» дискісімен</p>	<p>Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.</p> <p>Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу.</p> <p>Үйренген «Көктем» әнін (Д. Гусинцев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.</p> <p>Билер: «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Мендіғалиев). Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу.</p> <p>Қолдану деңгейі: Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы ойналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады. Аттар музыкасы ойналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады. Қояндардың музыкасы ойналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына</p>	
--	---	--	---	---	--

	бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды.	Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).	жаттығу. Дискімен нұсқаулық бойынша жаттығулар орындау. Орындау барысында тепе-теңдік сақтап, қажет жағдайда дисктен түсіп кетеді. Қозғалыс ойындары: «Қимылды есте сақта» Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтапалған соң, белгі бойынша ойыншылар оларды кері ретпен орындайды.	барады. Соңында аюдың музыкасы ойналғанда аю қорбандап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады. Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай).	
Серуенге дайындық 11:30-11.35	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.				
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай, ойын!» 11:35 – 11:55	Наурыз Серуен кешені № 2 Маусымдық өзгерістерді бақылау Міндеттері: — Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; — айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; — табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді.(жазда) Дихандар жемісін,	Наурыз Серуен кешені № 3 Қайың ағашын бақылау Міндеттері: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Көркем сөз «Жас шыбық» А. Мендібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жінішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін	Наурыз Серуен кешені № 4 Қарды бақылау Міндеттері: — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету — Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемде табиғатта қандай өзгерістер	Наурыз Серуен кешені № 5 Су тамшыларын бақылау Міндеттері: —Температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; —Зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. Бақылау барысы Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Мендібай Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мүз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ♦ Мүз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте	

	<p>... жинап береді.(күзде) Тәрбиеші сұрақтары: *Өленде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? *Қазір жылдың қай мезгілі? *Көктемнің алдында қай мезгіл болды? *Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? *Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Мектеп ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек: Гүл егетін жерді тазалау. <i>Мақсаты:</i> Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.</p>	<p>үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Тәрбиеші сұрақтары: *Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? *Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? *Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? *Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? *Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? *Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы: Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? Еңбек: Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: _ - ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.</p>	<p>болады? *Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? *Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқак пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмысы: Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? Еңбек: Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: <i>бірлесе жұмыс істеуді үйрету.</i> Қимылды ойын: «Қояндар мен аңшылар». <i>Мақсаты: қушыыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту.</i> Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.</p>	<p>ме? (күн бетте) ♦ Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) ♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) ♦ Шуақты күні ше? (өседі) ♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек: Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Аяғыңды сулама» Мақсаты: — Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. — Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.</p>	
--	--	--	---	--	--

Серуеннен оралу 11:55-12:00	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25</p>	<p>Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. Жеке жұмыс: Аитжанова Аделя Алтай Сұлтан Архатұлы Әбілмансұр Тренинг сөздерін қайталап, қимылдарды жасайды. «Жаттығуға ерінбе, Өмір көзі – шынығу Ауруды ұмытайық! Күш салайық, шынығайық!»</p>	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Жеке жұмыс: Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.</p>	<p>Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет Жеке жұмыс: Байтемір Айзере Берікұлы Арнұр Өткен тақырыптарды қайталауға жаттығулар жасату.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет Жеке жұмыс: Оралхан Жігер Сөздік қорын дамыту, заттың сипатын беретін сөздерді белсендіру. Балалардың зейінділігін арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту және сұрақтарға нақтылы жауап беруге дағдыландыру.</p>	
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті, суретті кітаптарды қарау және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)</p>	<p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қимылды есте сақта» Міндеттері: Шапшаң әрекет ету мен зейіндерін дамыту. Модульдерде тұрып тепе-теңдік сақтау мен өз денесін еркін басқаруын қалыптастыру. Допты заттардың арасымен екі аяқпен кезек-кезек теуіп жүргізу және бір қолдан екінші қолға еденнен соғып ауыстыруды жалғастыру. Дағды: Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Ойынның шарты: Жүргізушінің белгісімен қол мен аяқ қимылдарын қайталайды. Қимылдардың ретін сақтап алған соң, белгі бойынша ойыншылар</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын Дидактикалық ойын: «Ойлап тап» Міндеттері: геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Ойынның шарты: Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды.</p>	<p>Дидактикалық жаттығуы: «Жалпы атауын айт» Міндеттері: Буындарға буын қосып сөз құрап айтуға жаттықтыру арқылы зейін мен есте сақтауларын дамыту Дағды: Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту. Ойынның шарты: 1. Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (<i>ыдыстар</i>) 2. Карамель, ирис, шоколад – ... (<i>кәмпиттер</i>) 3. Басбармақ, балаң үйрек, орган терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (<i>саусақтар</i>) 4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (<i>киім</i>)</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата». Міндеттері: Жалпы атауға, топтастыруға үйрету. Дағды: Байланыстыра сөйлеуге үйрету, сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Ойынның шарты: Сұраққа жедел жауап беру көзделеді. Педагог көп сөз айтады да, қолындағы добын кез келген балаға лақтырады. Допты қағып алған бала, сол айтылған көп сөздердің бір сөзбен қалай аталатындығын айтып допты кері педагогке лақтырады. Өрік, шие, алмұрт – ... Жемістер. Түлкі, қоян, қасқыр – ... Аңдар.</p>	

	оларды кері ретпен орындайды.		5.Тымақ, қалпақ – ... <i>(баскиім)</i>	Шай, май, тұз – ... Тағамдар. Бет, мұрын, аяқ – ... Дене мүшелері. Қауын, қарбыз, сәбіз – ... Көкөністер. Үйрек,қаз,тауық - ... Үй құстары. Қызыл,жасыл,сары - ... Түстер. Ата,әже,әке,ана - ... Отбасы мүшелері.	
--	-------------------------------	--	--	--	--

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30

<p>«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:25-12:30</p>	<p>Ата –аналарға кеңес: Сіздің балаңыздың қауіпсіздігі Қылмыстың бір түрі – балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады. Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді. Сондықтан да балаға мынаны түсіндірген жөн: – Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек; – Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен</p>	<p>Ата-анаға ұсынымдар: 1.Егер балаңыз сізді сыйлағанын қаласаңыз, онда өзіңізде оған сыйластықпен қараңыз, әр баланың жеке тұлға екенін естен шығармаңыз. 2.Баланың қылықтарын сынағанда, оның жеке басына тіл тигізбеңіз. 3.Баладан оның жас немесе жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтінді талап етпеңіз. 4.Балаға ақыл айтып немесе сөгетін болсаңыз, ол 2-3 минуттан аспуы тиіс. 5.Баланың қателерін мойындатуға және «енді бұлай жасамаймын» деген уәдесін алуға тырыспаңыз. 6.Балаңыз кенеттен қатты дыбыс естігенде немесе қолыңыздың қозғалысынан (көтеру) үрейленетін болса, онда бұл сізді ойландыруы тиіс. 7.Сіздің үрейленуіңізді, алаңдауыңызды бала сезеді, сондықтан балаға білдіртпеуге тырысыңыз. 8.Баланы тыңдай біліңіз. Әрбір мәселе бойынша өз</p>	<p>Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке дайындығы. Ата-аналар балаларды мектепке дайындаудағы ең бастысы оқу, жазу, санау емес екендігін білулері керек. Мақсаты — жаңа біліктер, таным әдістері, әрекет, қарым-қатынасты қалыптастыру арқылы балаларды мектепке баруға дайындау. Негізгі міндеттер: - мектепке дайындық барысында ата-ананың баламен әріптестік қарымқатынасын орнату және дамыту; - ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу; - балаларға өзін -өзі басқара алуына және өз қылықтарына жауап беруге көмектесу; - мектепке дайындық процесінде ата-ананың баламен серіктестік және</p>	<p>Ата-анаға ұсынымдар: Баланың мектепке эмоционалды-еріктік дайындығы: - баланың неге мектепке баратынын түсінуі, оқытудың маңыздылығы; - оқуға және жаңа білім алуға қызығушылықтың болуы; - оқу бағдарламасы талап ететін, баланың өзіне тән емес тапсырманы орындау қабілеті; - шыдамдылық, белгілі бір уақыт ішінде ересектерді мұқият тыңдау және бөгде заттар мен істерге алаңдамай тапсырмаларды орындау қабілетін қарастырады. Ата-аналар мектеп жасына дейінгі балалардың өте маңызды психологиялық ерекшеліктерін білуі тиіс, олардың әрекетінің негізгі түрі ойын болып табылады, ойын арқылы бала дамиды және жаңа білім алады. 9.Барлық тапсырмалар балаға ойын түрінде берілуі тиіс, ал үй тапсырмалары</p>	
--	--	---	---	--	--

	<p>адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; – Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.</p>	<p>пікіріңізді айтуға асықпаңыз. 9. Балаға адал ниетпен сыйлықтар жасауды үйретіңіз.</p>	<p>ынтымақтастық қарым-қатынасын орнату және дамыту; - ата-аналарға өз балаларына, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенуге көмектесу; - балалардың мектепке барар алдында ата-аналардың қобалжу деңгейін төмендетуге ықпал ету. Балалардың мектепке қызығушылығын арттыру бойынша кешенді дайындық: - мектепке бару, мектеп мәселелерін талқылау; - баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, бірлескен дамытуды ұзету сабақтары.</p>	<p>оқу процесіне айналмауы тиіс. Бұл сұрақтарға жауаптарды әр бала білуі тиіс 1. Өзінің толық аты- жөнін атау. 2. Қанша жаста? 3. Әкесі мен анасының атын білу (бар болса). 4. Әкесі қайда және кім болып жұмыс істейді? 5. Анасы қайда және кім болып жұмыс істейді? 6. Ағасы немесе әпкесі бар ма? Олар қанша жаста? Олардың жасы үлкен немесе кіші ме? 7. Сіз тұратын қала? 8. Мекен-жайы 9. Қай елде тұрасың? 10. Сенің мектепке барғың келеді ме? Неліктен барғың келеді? Ұнайды ма?</p>	
--	---	--	--	--	--

Мектепалды 0 «Ә» сыныбының тәрбиешісі: Каракушикова А.